

Төлеби аудандық білім бөлімі

**«Қаратөбе негізгі орта мектеп» КММ-нің
2025-2026 оқу жылындағы атқарылған
жұмыстары бойынша педагог-
психологтарының жылдық есебі**

Педагог-психолог:

А.Сулеева

Қаратөбе, 2026 ж

Қаратөбе негізгі орта мектебінің 2025 – 2026 жылдық педагог – психологтың есебі.

Психологиялық қызметтің мақсаты – білім беру ұйымдарында білім алушылардың психологиялық денсаулығын сақтау, қолайлы әлеуметтік-психологиялық жағдай жасау және білім беру үдерісіне қатысушыларға психологиялық қолдау көрсету.

Психологиялық қызметтің міндеттері:

- 1) білім алушылардың тұлғалық және зияткерлік дамуына ықпал ету, өзін-өзі тәрбиелеу және өзін-өзі дамыту қабілетін қалыптастыру;
- 2) білім алушыларға ақпараттық қоғамның жылдам дамуында олардың табысты әлеуметтенуіне психологиялық тұрғыдан жәрдем көрсету;
- 3) білім алушыларды психологиялық-педагогикалық әрделеу негізінде әрбір білім алушыға жеке тәсілді қамтамасыз ету;
- 4) психологиялық диагностиканы жүргізу және білім алушылардың шығармашылық әлеуетін дамыту;
- 5) психологиялық қиыншылықтар мен білім алушылардың проблемаларын шешу бойынша психологиялық түзету жұмыстарын жүзеге асыру;
- 6) білім алушылардың психикалық денсаулығын сақтау;
- 7) психологиялық проблемаларды шешуде және оқу-тәрбие жұмыстарының қолайлы әдістерін таңдауда ата-аналар мен педагогтарға консультациялық көмек көрсету;
- 8) білім беру үдерісі субъектілерінің психологиялық – педагогикалық құзыреттілігін көтеру.
- 9) Психологиялық қызметтің төменде көрсетілген бағыттары бойынша жұмыстар жүргізілді


№	Жұмыс бағыттары	Жоспарланған іс-шара саны	Нысаналы топ (Қамтылғандар)	Орындалу құжаты (Есеп нысаны)	Орындалу пайызы (%)
1	Психодиагностика	11	1-9 сынып оқушылары, ата-аналар, сынып жетекшілер	Анықтама, тест нәтижелері, сараптамалық талдау	100%
2	Түзету-дамыту жұмысы	9	1-9 сыныптар (мизасыздық, агрессия, сары топ, ЕББҚ балалар)	Түзету-дамыту парақтары, жеке жұмыс дәптерлері	100%
3	Профилактика және ағарту	13	Оқушылар, ата-аналар, мұғалімдер («Психолог-Adviser» клубы)	Хаттамалар, воркшоптар, акция материалдары	100%
4	Консультация (Кеңес беру)	25	ЕББҚ балалардың ата-аналары, мұғалімдер, оқушылар	Кеңес беру журналына тіркеу	100%
5	Ұйымдастыру-әдістемелік	5	Мектеп әкімшілігі, ата-аналар, ППҚҚ мүшелері	Келісім парақтары, ППҚҚ отырысының хаттамалары	100%
6	Талдамалық есептер	2	Педагогикалық кеңес, мектеп директоры	Жартыжылдық және жылдық талдамалық есеп	100%

I. Психологиялық диагностика бағыт бойынша жылбойы жүрізілген жұмыстар есебі

№	Әдістеме атауы	Сынып	Жалпы оқушы саны	Диагностикаға қатысқан оқушы саны	Диагностикаға қатыспаған оқушы саны
1	Кери-Нерасик	1-сынып	13	13	0
2	Ақпаратты қабылдау типтері	5-7 сынып	15	14	1
3	Болмаған жануар	1-4 сынып	46	43	3
4	Жалғыздықтың субъективті сезім		0	0	0
5	«Жалғыздықты сезіну шкаласы» әдістемесі, авторы С.Г. Корчагина	5-9	42	40	2
6	«Бейімделу кезеңінде бесінші сынып оқушыларының мазасыздығын анықтау»	5-6	19	19	0
7	Өміршеңдікті диагностикалау әдістемесі, авторы С. Мадди	7-9	22	22	0
8	«Суннид қауіп картасы» сауалнамасы, авторы Л.Б. Шнейдер	5-9	42	40	2
9	Интернетке тәуелділік шкаласы, авторы Кимберли Янг	5-9	42	40	2
10	Дэн Олвеустің «Буллинг» сауалнамасы	5-9	42	40	2
11	Саған қалай қырайды» экспресс-сауалнамасы,	5-9	42	39	3
12	«Жасөспірімнің әл-ауқат шкаласы» Авторы Кэрол Рифф	5-9	42	38	4
13	Үмітсіздік шкаласы, авторы Аарон Темман Бек	5-9	42	40	2
14	«Жалғыздықты сезіну шкаласы» әдістемесі, авторы С.Г. Корчагина	5-9	42	40	2
15	Қақтыс әдістемесі	1-4 сынып	46	45	1
16	«Сезім мен көңіл-күй» сауалнамасы	5-9	42	40	2
17	CES-DC депрессивтілік сауалнамасы	5-9	42	40	2


Нәтижесінде:

- 70% – эмоционалдык жагдайы тұрақты,
- 26% – мазасыздық деңгейі орташа,
- 4% – түзету жұмыстары кажет окушылар аныкталды.



5-9 сыныптар «Жалғыздық» (С.Г.Корчагина) сауалнамасы жүргізілді.
Қорытынды бойынша:

- жалғыздық сезімі өте жоғары – 0 оқушы
- жоғары – 0 оқушы
- орташа – 23 оқушы
- төмен – 19



Жалғыздық деңгейі жоғары және өте жоғары деңгей көрсетілген оқушылар тәуекел деңгейіне алынды.

Сыныбы	Оқушы саны	Тәуекел саны	Жасыл	Сары	Қызыл
1-9 сынып	88	17	15	3	0

Қарама айында білім алушылардың психологиялық ахуалын, сыныпшілік қарым-қатынасты, сондай-ақ тәуекел топтағы оқушылардың эмоционалды жагдайын бағалауға бағытталған кешенді диагностика жүргізілді.

1.1. Бейімделу және қарым-қатынас диагностикасы. 1-4 сынып мұғалімдері және ата-аналарынан «Балалардың мектепке әлеуметтік-психологиялық бейімделуін сараптамалық бағалау» әдістемесі алынды.

Нәтижесінде:

- Бейімделу деңгейіне әсер ететін факторлар анықталды;
- Тәуекел тобына енуі мүмкін балалар белгіленді;
- Сынып жетекшілеріне жеке ұсынымдар берілді.

«Бейімделу кезеңінде бесінші сынып оқушыларының мазасыздығын анықтау» мақсатында О.Н. Хмельницкая әдістемесі алынды.


- Мазасыздық деңгейінің жоғары, орта және төмен көрсеткіштері бойынша талдау жасалды;
- Жоғары мазасыздық көрсеткен оқушылармен жеке жұмыс ұйымдастырылды.

Сыныбы	Қатысқан оқушы саны	Төмен мазасыздық аймағы	Орташа мазасыздық	Жоғары мазасыздық
5	8	8	0	0


Қыркүйек айында 1-сыныпты мектепке психологиялық дайындығын анықтау Керн - Йерассек тесті алынды. 1- сыныпқа қабылданған оқушы саны – 40. Оның ішінде 1 оқушы үйде оқытылады. Оқушылардың мектепке дайындығы орта деңгейде екені анықталды.

(оқушы).

Сынып	Толық дайындығы		Орташа дайындығы		Төмен дайындық	
	Саны	Пайыз	Саны	Пайыз	Саны	Пайыз
1	9	50%	4	35 %	1	15%



5–7 сыныптар оқушылардың ақпаратты қабылдау тиістері (визуал, аудиал, кинестет, дигитал) анықталды.




- Мәліметтер сынып жетекшілеріне оқу процесін даралауда қолдану үшін ұсынылды.

«Кабинеттік талдау» жұмыстары жүргізіліп, әлеуметтік педагогтың, мектеп инспекторының, медбикенің және сыныпжетекшінің тізіміндегі оқушыларға талдау жұмыстары жүргізілді.

Сыныбы	Оқушы саны	Әлеуметтік педагог	Мектеп инспекторы	Медбике	Сынып жетекші
1-9	88	17		3	3

Қазан айында 1–4 сыныптар арасында «Әлемде жоқ жануар» проективті әдістемесі жүргізілді.



1.2. Сыныпшілік қарым-қатынасты зерттеу мақсатында 5–9 сынып оқушыларынан «Социометрия» әдісі алынды. Нәтижесінде

- Қарым-қатынас құрылымы, көшбасшылар, конфликтогенді немесе оқшауланған оқушылар анықталды;
- Әр сынып жетекшіге нәтижелері ұсынылды;
- Топ ішіндегі әлеуметтік мәртебе динамикасы бақылауға алынды.

1.3. ТӘУЕКЕЛ ТОП ОҚУШЫЛАРМЕН ДИАГНОСТИКА

1) Тәуекел топтағы барлық оқушылардан «Үмітсіздік шкаласы» (Beck Hopelessness Scale) әдістемесі алынды.

- Эмоционалды күйзеліс, үмітсіздік деңгейі бағаланды;
- Жоғары қауіп белгілері бар оқушылар тіркелмеді;
- Қажетті оқушылармен жедел психокоррекциялық жұмыс басталды.

Сыныбы	Қаттықан оқушы саны	Үмітсіздік анықталмады	Жеңіл үмітсіздік	Орташа үмітсіздік	Жоғары үмітсіздік
8 сынып	10	8	2	0	0
9 сынып	5	4	1	0	0

2) 5–9 сыныптағы тәуекел топтағы оқушылардан «Жаңбыр астындағы адам» проективті әдістемесі алынды. Нәтижесінде

- Стресс жағдайында өзін-өзі ұстау, ішкі қорғаныс механизмдері зерттелді;
- Эмоционалды тұрақсыздық белгілері, мазасыздық және қажығыстардан қорғану стратегиялары анықталды;
- Нәтижелері жеке іс-парақтарына тіркелді.

4) Бастауыш сынып жетекшілерімен бірлесе А.Н.Волкова «Балалар мен жасөспірімдер арасындағы болжамдық тәуекел кестесі» толтырылды.

- Әр бастауыш сынып оқушысына кесте толтырылды;
- Әлеуметтік, эмоционалдық, мінез-құлықтық тәуекелдер бойынша мониторинг жүргізілді;

– Қауіп деңгейі жоғары оқушылар анықталмады


Сынып	Қатысқан оқушы саны	0-24 балл	25 баллдан жоғары
1 сынып	13	13	0
2 сынып	10	10	0
3 сынып	13	13	0
4 сынып	10	10	0

Желтоқсан айында оқушылардың психологиялық ахуалын, қарым-қатынас мәдениетін және қауіпсіз орта деңгейін анықтау мақсатында бірқатар диагностикалық жұмыстар жүргізілді.

01.12.2025 ж Дэн Олвеустің «Буллинг» сауалнамасы алынды. Қатысушылар: 5–9 сынып оқушылары (онлайн формат)

Нәтижесінде оқушылар арасында тікелей және жанама буллинг белгілері анықталып, тәуекел тобына кіретін оқушылар белгіленді. Қорытындысы мектеп әкімшілігіне ұсынылды.

Шкала атауы	0-1 ұнай	1-3 ұнай	3-4 ұнайдан жоғары
Тікелей қорқыту	13	17	1
Жанама қорқыту	40	1	1
Тікелей виктимизация	39	1	2
Жанама виктимизация	41	1	0



жылы «Саған қалай қарайды?» экспресс-сауалнамасы алынды.

Қатысушылар:

– 2–4 сынып оқушылары (офлайн)

– 5–9 сынып оқушылары (онлайн)

Сауалнама нәтижесінде мектептегі 2–4 сынып оқушыларының көпшілігінде үйде де, мектепте де эмоционалдық климат қалыпты және жағлы. Оқушылардың басым бөлігі ата-анасы мен мұғалімдерден қолдау сезінетінін, сыныптастарымен жақсы қарым-қатынаста екенін көрсеткен. Дегенмен, сауалнама келесі қауіп топтарын анықтады:

4–15% оқушы ата-ана тарапынан айқайлау, жазалу, ренжіту жағдайларын сезінеді;

10% балада сенімді сөйлесетін ересек адам жоқ;

8% оқушы мектепте мазасызданады;

7% оқушы құрдастар тарапынан мазасызға ұшырауы мүмкін;

14% оқушы мұғалімдер тарапынан эмоционалдық қысымды сезінеді.

Бұл балалар қосымша қолдау мен бақылауды қажет етеді.

«Сіңге қалай қарайды» экспресс-сауалнамасы («Оркен» БӨАҮГПН ғылыми қызметкерлерінің авторлар ұжымы) 5–9 сынып оқушылары арасында балалардың өміріндегі зорлық-зомбылықтың ықтимал көріністерін, сондай-ақ олардың отбасындағы, мектептегі және әлеуметтік ортадағы психологиялық қауіпсіздік деңгейін анықтау мақсатында жүргізілді.

Сауалнама нәтижелері бойынша бірқатар оқушылардың отбасында, мектепте және әлеуметтік ортада өзі толық қауіпсіз сезінбейтіні байқалды. Кейбір балалар ата-анамен қарым-қатынаста түсінбеушілік, сөзбен ренжіту, айқайлау жағдайларының болытынын көрсеткен. Сонымен қатар, жекелеген оқушылар тарапынан

мектеп ортасында эмоционалдық зорлық-зомбылыққа (мазақтау, елемеу, айқайлау) тап болу фактілері анықталды.

Жалпы алғанда, сауалнама нәтижелері 5-9 сынып оқушылары арасында зорлық-зомбылықтың алдын алу, психологиялық қауіпсіз орта қалыптастыру және балалардың құқықсыздық-психологиялық сауаттылығын арттыру бағытында жүйелі жұмысты қажет ететінін көрсетті.

Қаңтар айында оқушылардың психологиялық жағдайын анықтау мақсатында бірнеше диагностикалық әдістемелер жүргізілді. Атап айтқанда, 2026 жылдың 08 қаңтар күні бастауыш сынып оқушыларына «Кішкентай адамдармен ағаш» проективті әдістемесі жүргізілді. Бұл әдістеме арқылы оқушылардың ішкі эмоционалдық күйі, қорқыныштары мен мазасыздық деңгейі анықталды. Нәтижесінде кейбір оқушыларда тұйықтық, өзіне сенімсіздік байқалды. Кейбір оқушыларда аяңдаушылық, тұйықтық және бейімделу қиындықтарының белгілері байқалғандықтан, олармен мектеп психологы тарапынан жеке психологиялық қолдау жұмыстарын жүргізілді.

5–9 сынып оқушылары арасында Кэрол Риффтің «Психологиялық ал-ауқат шкаласы» жүргізілді. Нәтижелер бойынша оқушылардың көңілділігінде өмірге қанағаттану деңгейі орташа екені анықталды.

Білім беру ұйымындағы жалпы оқушы саны 5-9 сыныптар	Сауалнамаға қатысқан оқушы саны	Сауалнамаға қатыспаған оқушы саны	Қорытынды талдауы					
			27–36 балл. Жоғары деңгейдегі ал-ауқат. Дүниені позитивті қабылдайды және стресске төзімді.		14–26 балл. Орта деңгейдегі ал-ауқат. Жасөспірім өмірлік жағдайлармен күресе алады.		0–13 балл. Төмен деңгейдегі ал-ауқат. Қосымша қолдауды қажет етеді.	
			саны	%%	саны	%%	саны	%%
42	40	2	19	69,60%	21	30%	0	0,30%

Сонымен қатар 5–9 сыныптарда Кимберли Янгтың интернетке тәуелділік шкаласы жүргізіліп, кейбір оқушыларда интернетке тәуелділік белгілері байқалды.

Білім беру ұйымындағы жалпы оқушы саны 5-9 сыныптар	Сауалнамаға қатысқан оқушы саны	Сауалнамаға қатыспаған оқушы саны	Қорытынды талдауы					
			20–45 ұнай тұрақты интернет пайдаланушысы		50–79 ұнай Интернетті шамадан тыс пайдаланушы		80–100 ұнай Қатты интернетке тәуелділік	
42	40	2	39	83%	1	17%	0	0%

Жүргізілген диагностика нәтижелері тіркеліп, талдау жасалды. Нәтижелер бойынша тәуекел топтағы оқушылар анықталып, олармен жеке жұмыс жоспары құрылды.

Ақпан айында 5-сынып оқушыларына О.Н. Хмельницкаяның мазасыздықты анықтау әдістемесі жүргізілді. Зерттеу нәтижесінде 5-сынып оқушыларының басым бөлігі төмен мазасыздық деңгейін көрсеткені анықталды. Бірнеше оқушыларда орташа мазасыздық деңгейі байқалды. Жоғары мазасыздық деңгейі анықталған жоқ.

Сыныбы	Төмен мазасыздық	Орташа мазасыздық	Жоғары мазасыздық
5 сынып	7	1	0

7-9 сынып оқушылары арасында С. Мэддидің төзімділік (стресске төзімділік) әдістемесі жүргізілді. Кейбір оқушыларда стресс жағдайында өзін бақылау дағдыларының төмендігі байқалды.

Сыныбы	Төмен өміршеңдік	Орташа өміршеңдік	Жоғары өміршеңдік
7	0 оқушы	1 оқушы	6 оқушы
8	0 оқушы	9 оқушы	1 оқушы
9	1 оқушы	4 оқушы	0 оқушы


Төмен деңгейдегі өміршеңдік көрсеткен 5 оқушымен жеке кеңестер жүргізіліп, ерекше назарға алынды.

Сонымен қатар тәуекел топтағы оқушыларға «Аяқталмаған сөйлемдер» әдістемесі жүргізіліп, олардың ішкі ойлары мен эмоционалдық жағдайы анықталды.

Наурыз айында 5-9 сынып оқушыларына С. Корчагинның «Жалғыздық» сауалнамасы жүргізілді. Нәтижесінде кейбір оқушыларда жалғыздық сезімі орташа деңгейде екені анықталды.


жұмыстар талданып, қорытынды есебі жасақталды.

01-02 сәуір күндері 1-4 сынып оқушылары арасында «Кактус» проективті әдістемесі қолданылды. Бұл әдістеме оқушылардың ішкі эмоционалдық күйін, мазасыздық деңгейін, қорғаныс механизмдерін және тұлғалық ерекшеліктерін анықтауға мүмкіндік берді. Зерттеу нәтижесінде кейбір оқушыларда мазасыздықтың жоғары деңгейі мен эмоционалдық тұрақсыздық белгілері байқалып, олармен жеке жұмыс жүргізу қажеттілігі анықталды.



08-09 сәуір күндері 5-9 сынып оқушылары арасында кибербуллинг маркерлерінің психологиялық денсаулыққа әсерін бағалау әдістемесі жүргізілді. Зерттеу нәтижелері бойынша оқушылардың белгілі бір бөлігінде кибербуллингтің жаңа әсерлері (мазасыздық, сенімсіздік, эмоционалдық күйзеліс) байқалды. Аталған оқушылармен профилактикалық және түзету жұмыстары жоспарланды.

Сонымен қатар, 21-22 сәуір күндері 5-9 сынып оқушылары арасында «Сезім мен көңіл-күй» сауалнамасы жүргізілді. Бұл сауалнама арқылы оқушылардың жалпы эмоционалдық фоны, көңіл-күй тұрақтылығы және психологиялық жағдайы анықталды. Нәтижелер талданып, психологиялық қолдауды қажет ететін оқушылар тобы айқындалды.



Барлық диагностикалық жұмыстардың нәтижелері хаттамаланып, талдау қорытындылары негізінде нақты ұсыныстар әзірленді.

Мамыр айында МАД тобының мектепке дайындығын анықтау мақсатында Керн-Иерасик әдістемесі алынды. Әдістеме нәтижесінде:

15 оқушы.

- **Оң динамиканың бар болуы:** «Жалғыздық» деңгейін анықтау диагностикасының қорытындысы бойынша қазан айымен салыстырғанда наурыз айында оқушылардың жалғыздық сезімі деңгейінің төмендегені (азайғаны) нақты тіркелді.

2. Weaknesses (Әлсіз жақтары)

- **Диагностикаға толық қатыспау мәселесі:** Кейбір маңызды сауалнамаларға оқушылар 100% қатыспаған. Мысалы, CES-DC депрессивтілік сауалнамасына 42 оқушының 2 -ы (шамамен 10%-дан астамы) қатыспай қалды.
- **Эмоционалдық және әлеуметтік қысымдар:** «Саған қалай қарайды?» сауалнамасының нәтижесінде 14% оқушының мұғалімдер тарапынан эмоционалдық қысымды сезінетіні, ал 4-15% балшың отбасында айқайлау мен жазалауға тап болатыны анықталған.

3. Opportunities (Мүмкіндіктер)

- **Ақпаратты қабылдау тінтерін оқу үдерісіне енгізу:** 5-7 сыныптардың ақпаратты қабылдау тінтері (визуал, аудиал, кинестет, дигитал) анықталғандықтан, бұл деректерді мұғалімдерге сабақты даралап жоспарлауға зор мүмкіндік береді.
- **Онлайн форматты тиімді қолдану:** Дэн Олвеустің «Буллинг» сауалнамасы сияқты зерттеулерді онлайн форматта өткізу уақытты үнемдеуге және ауқымды топтарды жылдам қамтуға жол ашады.
- **«Психолог-Adviser» клубының әлеуеті:** Осы клуб аясында диагностика нәтижелерін ата-аналар мен мұғалімдерге жеткізіп, мектептегі психологиялық мәдениетті көтеруге мүмкіндік бар.

4. Threats (Қауіп-қатерлер)


- **Жасырын буллинг пен кибербуллиннің салдары:** Зерттеулерде тікелей және жанама буллинг белгілерінің, сондай-ақ кибербуллиннің жанама әсерлерінің (мазасыздық, эмоционалдық күйзеліс) анықталуы балалардың психикалық денсаулығына қауіп төндіреді.
- **Интернетке тәуелділіктің жоғарылау қаупі:** 5-9 сынып оқушыларының 17%-ы (47 оқушы) интернетті шамадан тыс пайдаланушылар қатарына кірген. Бұл болашақта олардың оқу үлгерімі мен тұлғалық дамуына теріс әсер етуі мүмкін.
- **Мектепке дайындықтың орта деңгейі:** 1-сыныпқа қабылданғандар (орта деңгей 41%) мен МАД тобы балаларының (орта деңгей 34%) мектепке дайындығы негізінен орташа көрсеткіште болуы оқу жылының басында бейімделу қиындықтарын тудыруы ықтимал.

II. ТҮЗЕТУ-ДАМУ ТҰЖЫМАЛАРЫ БОЙЫНША ЖЫЛДЫҚ ҚОРЫТЫНДЫ ЕСЕП

Қыркүйек айында мектеп оқушыларының білім беру үдерісіне және жаңа ортаға бейімделуін жеңілдету мақсатында психологиялық қолдау жұмыстары ұйымдастырылды. Оқушылардың мектепке деген жағымды көзқарасын қалыптастыру, эмоционалдық жай-күйін тұрақтандыру және сыныпқа бейімделуіне ықпал ету бағытында түрлі дамытушы жаттығулар өткізілді.


11-қыркүйек күні 1-сынып оқушыларымен «Алақай! Мен оқушымын!» тақырыбында танымдық-дамытушы жаттығулар жүргізілді. Іс-шараның мақсаты – оқушылардың мектепке деген қызығушылығын арттыру, жаңа ортаға бейімделуіне қолдау көрсету және жағымды эмоционалдық көңіл-күй қалыптастыру болды. Сабақ барысында балалар бір-бірімен танысып, қарым-қатынас орнатуға арналған ойындар мен зейін, есте сақтау, ойлау қабілеттерін дамытуға бағытталған жаттығулар орындады. Сонымен қатар, мектеп ережелерімен таныстырылып, өзін ұстау мәдениеті туралы түсініктер берілді. Оқушылар белсенді қатысып, тапсырмаларды қызығушылықпен орындады.

Сынып	Толық дайындығы		Орташа дайындығы		Төмен дайындық	
	Саны	Пайыз	Саны	Пайыз	Саны	Пайыз
МАД тобы	8	54%	5	34%	2	13%



Балалардағы депрессия деңгейін эпидемиологиялық зерттеуге арналған CES-DC шкаласы депрессивті симптомдарды сипаттауға арналған 20 тармақтан тұратын өзі-өзі бағалау тұлғалық сауалнамасы алынды. Сауалнама 5-9 сынып оқушылары қатысты:

Әдістеме атауы	Жалпы оқушы саны	Қызықаны	Қатыспағаны	Жасыл деңгей	Сары деңгей	Қызыл деңгей
CES-DC шкаласы	42	40	2	14	3	0



Диагностикалық жұмысқа SWOT талдау

I. Strengths (Күшті жақтары)

- **Жоспардың толық орындалуы:** Психодиагностика бағыты бойынша жоспарланған 22 іс-шара 100%-ға орындалып, анықтамалар мен сараптамалық талдаулар толық әзірленді.
- **Әдістемелердің әртүрлілігі мен жүйелілігі:** Оқу жылы бойы оқушылардың жас ерекшеліктеріне сай сай алуан кешенді әдістемелер (Кери-Йерасек, Корчагина, Мадди, Дэн Олвеус, CES-DC және т.б.) қолданылды.
- **Заманауи мәселелердің қамтылуы:** Интернетке тәуелділік пен кибербуллинг маркерлерін анықтау сияқты кәзіргі таңдағы өзекті мәселелер бойынша диагностикалар жүргізілді.
- **Сандық деректердің ауқымдылығы:** Бастауып сыныптан бастап жоғары сыныптарға дейінгі оқушылардың (1-9 сыныптар), сондай-ақ ата-аналар мен мұғалімдердің диагностикамен кезінен қамтылды.

23-қыркүйек күні 8-сынып оқушыларымен «EQ: Сезімді түсіну – өзінді танудың алғашқы қадымы» атты воркшоп ұйымдастырылды. Воркшоптың негізгі мақсаты – оқушылардың эмоционалдық интеллектісін дамыту, өз сезімдерін тану және оны дұрыс жеткізу дағдыларын қалыптастыру болды. Іс-шара барысында оқушылар эмоция түрлерімен танысып, жағдаяттық тапсырмалар, пікір алмасу, өзін-өзі талдау және рефлексия жұмыстарын орындады. Оқушылар өз сезімдерін басқару, өзгелердің эмоцияларын түсіну және тиімді қарым-қатынас орнату жолдары туралы ақпарат алды. Воркшоп барысында белсенді талқулау жүргізіліп, оқушылар тарапынан қызығушылық жоғары деңгейде байқалды.



30-қыркүйек күні бастауыш сынып оқушыларымен ішкі агрессия мен өзін-өзі кінәлау деңгейін төмендетуге бағытталған арттерапиялық жаттығулар жүргізілді. Жұмыстың мақсаты – оқушылардың эмоционалдық күйзелісін азайту, жағымсыз сезімдерін қауіпсіз түрде шығаруға мүмкіндік беру және өзін жағымды қабылдау дағдыларын қалыптастыру болды. Сабақ барысында сурет салу, түстермен жұмыс, еркін шығармашылық тапсырмалар және релаксациялық элементтер қолданылды. Оқушылар өз сезімдерін шығармашылық арқылы білдіріп, ішкі уайымдарын бөлісуге мүмкіндік алды. Жаттығулар нәтижесінде балалардың эмоционалдық белсенділігі артып, өзара сезімді қарым-қатынас пен жағымды психологиялық ахуал қалыптасты.



8-қазан күні 5-7 сынып оқушыларымен «Эмоциялық тұрақсыздықты төмендету» тақырыбында психологиялық сабақ өткізілді. Сабақтың мақсаты – оқушылардың эмоцияларын тану және басқару дағдыларын дамыту, маңасыздық пен ішкі шиеленісті азайту, эмоционалдық тұрақсыздықты қалыптастыру болды. Іс-шара барысында тыныс алу жаттығулары, релаксациялық әдістер, психологиялық ойындар және жағдаяттық тапсырмалар қолданылды. Оқушылар өз көңіл-күйін анықтап, жағымсыз эмоцияларды реттеу жолдарымен танысты. Сонымен қатар, өзара көлдену көрсету, сезімді қарым-қатынас орнату және қиын жағдайларда сабыр сақтаудың маңыздылығы түсіндірілді. Сабақ барысында оқушылар белсенділік танытып, жаттығуларға қызығушылықпен қатысты.



17-қыркүйек күні «Достық әлемі» атты кіші топтық жұмыс ұйымдастырылды. Іс-шараның мақсаты – оқушылардың эмоционалдық тұрақтылығын нығайту, бір-бірімен ынтымақтастық қарым-қатынас орнату және өзара әрекеттесу дағдыларын дамыту болды. Жұмыс барысында оқушылар топтық ойындар, психологиялық жаттығулар және жағдаяттық тапсырмалар арқылы өз сезімдерін білдіру, өзгелерді тыңдау, қолдау көрсету және бірлесіп әрекет ету дағдыларын қалыптастырды. Сонымен қатар, оқушылардың қарым-қатынас ерекшеліктері мен эмоционалдық жай-күйі бақыланып, олардың топпен жұмыс жасау белсенділігі зерттелді. Сабақ соңында оқушылар өз әсерлерімен бөлісіп, жағымды эмоциялық ахуал қалыптасты.



Қыркүйек айында ЕББҚ (ерекше білім беруді қажет ететін) оқушыларымен танысу жұмыстары жүргізіліп, олардың мектеп ортасына бейімделу деңгейін анықтауға бағытталған алғашқы бейімдеу сабақтары өткізілді. Сабақ барысында оқушылармен сенімді қарым-қатынас орнату, эмоционалдық жай-күйін бақылау, оқу әрекетіне қызығушылығын арттыру және ұжымға бейімделуіне қолдау көрсету мақсатында түрлі психологиялық жаттығулар ұйымдастырылды. Оқушылардың жеке ерекшеліктері зерттеліп, алдағы түзетімізді жұмыстарының бағыттары айқындалды.

25-қыркүйек күні 4-сынып оқушыларымен «Біз және біздің сынып» тақырыбында нейронпсихологиялық жаттығулар сабағы өткізілді. Сабақтың мақсаты – оқушылардың зейінін, есте сақтау қабілетін, ойлау дағдыларын дамыту және сыныпшілік жағымды психологиялық ахуалды қалыптастыру болды. Іс-шара барысында оқушылар топтық және жеке тапсырмалар орындап, ми қызметін белсендіретін жаттығуларға қатысты. Сонымен қатар, өзара қарым-қатынас мәдениетін дамытуға, бір-бірін тыңдауға және қолдауға бағытталған ойын элементтері қолданылды. Нәтижесінде оқушылар белсенділік танытып, сабаққа қызығушылықпен қатысты.

үйлесімді жұмысын дамытуға бағытталған әдістер қолданылды. Оқушылар тапсырмаларды қызығушылықпен орындап, сабаққа белсенді қатысты.

Сонымен қатар, ЕББК (ерекше білім беруді қажет ететін) оқушыларымен жеке бағдарлама негізінде түзету-дамыту сабақтары жүргізілді. Сабақтар барысында оқушылардың жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктері ескеріліп, танымдық процестерін дамытуға, эмоционалдық тұрақтылығын қалыптастыруға, қарым-қатынас және өзін-өзі реттеу дағдыларын жетілдіруге бағытталған жұмыстар ұйымдастырылды. Жеке жұмыстар кезінде психологиялық қолдау көрсетіліп, оқушылардың оқу әрекетіне бейімделуі мен өзіне деген сенімділігін арттыруға көңіл бөлінді.

Қараша айында «Бейімделу дағдысын дамыту және ішкі ресурс. Қарым-қатынас арқылы бейімделуді қолдау» мақсатында 5-сынып оқушыларымен тренинг сабақ өтілді. Оқушылардың эмоционалды реттеу, қарым-қатынас дағдысы, өзін-өзі қабылдау деңгейі дамыды; Топтық бірлік пен ынтымас атмосферасы қалыптасты.

«Досбол-LIKE» бағдарламасы аясында 9-сыныптан іс-шара өткізілді. Достық, сыни ойлау, желдегі қауіпсіздік, буллингтің алдын алу тақырыптары қызылды.



Ерекше білімді қажет ететін оқушылармен түзету сабақтары өтілді. Когнитивті, эмоциялық және сөйлеу дағдыларын дамыту бағытында тұрақты жұмыс жүргізілді.

2025 жылдың 11-желтоқсан күні 7-сынып оқушыларымен «Агрессияны басқару және жағымды қарым-қатынас қалыптастыру» тақырыбында психологиялық тренинг өткізілді. Тренингтің мақсаты – оқушылардың эмоцияларын дұрыс реттеу дағдыларын дамыту, ашу мен агрессияны қауіпсіз әрі конструктивті жолмен басқаруға үйрету және өзара жағымды қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру болды.

Сабақ барысында эмоцияларды тану, ашуды бақылау, шиеленісті жағдайларда сабыр сақтау және тиімді қарым-қатынас орнату тақырыптары талқыланды. Оқушылармен психологиялық ойындар, жағдаяттық тапсырмалар, рөлдік жаттығулар және релаксациялық әдістер жүргізілді. Сонымен қатар, бір-бірін тыңдау, өз ойын дұрыс жеткізу, жанжалдың алдын алу және құрдастарымен сыйластықта қарым-қатынас жасау жолдары түсіндірілді. Тренинг барысында оқушылар белсенді қатысып, өз пікірлерімен бөлісті, нәтижесінде жағымды психологиялық ахуал қалыптасты.

Қаңтар айында түзету-дамыту жұмыстары жүйелі түрде жүргізілді. 12.01.2026 жылы 6-сынып оқушыларымен «Қауіпсіз эмоционалдық экспрессия» тақырыбында сабақ өтті. Бұл сабақта оқушылар өз эмоцияларын дұрыс білдіруді, ашуды тиімсіз жолмен шығаруды үйренді.

8–9 сынып оқушыларымен «Өзін-өзі бағалауды дамыту» тақырыбында сабақ өткізілді. Оқушылар өздерінің жақсы қасиеттерін анықтап, өзін қабылдау дағдыларын қалыптастырады.



10-қапан күні 8-9 сынып оқушыларымен «Мен өмірді таңдаймын» тақырыбында арттерапиялық тренинг өткізілді. Тренингтің мақсаты – оқушылардың өмірге деген жағымды көзқарасын қалыптастыру, эмоционалдық қолдау көрсету, күтізделіс жағдайларының алдын алу және өзіне қол жұмсау қаупінің профилактикасын жүргізу болды.

Іс-шара барысында арттерапиялық жаттығулар, сурет арқылы эмоцияны жеткізу, пікір алмасу, релаксациялық әдістер және өзін-өзі тануға бағытталған тапсырмалар қолданылды. Оқушылар өз сезімдерімен бөлісіп, жаңы жағдайларда көмек сұраудың маңыздылығы туралы ақпарат алды. Сонымен қатар, өмірлік құндылықтар, болашақта мақсат қою, өзіне сенімділікті арттыру және позитивті ойлау дағдылары талқыланды. Тренинг барысында оқушылар белсенді қатысып, жағымды психологиялық ахуал қалыптасты.



4-сынып оқушыларымен нейрпсихологиялық дамыту жаттығулары жүргізілді. Жаттығулардың мақсаты – оқушылардың зейінін, есте сақтау қабілетін, ойлау үдерістерін, ұсақ моторикасын және оқу әрекетіне қажетті танымдық дағдыларын дамыту болды. Сабақ барысында ми қызметін белсендіретін қызыл-қозғалыс жаттығулары, логикалық тапсырмалар, зейінді шоғырландыруға арналған ойындар және екі жарты шардың

Жүргізілген түзету-дамыту жұмыстарының динамикасы (Саналық талдау)

Жыл бойы атқарылған жұмыстарды саралай келе, оқушылардың психологиялық жай-күйі мен әлеуметтік-когнитивтік дағдыларында мынадай оң динамика (ігерілеу) байқалды:

- **Бейімделу (Адаптация) деңгейінің артуы:** Қыркүйек-қараша айларындағы жүйелі шаралардың (1, 4, 5-сыныптар) нәтижесінде оқушылардың жаңа ортаға, мұғалімдерге және мектеп ережелеріне үйренуі жеңілдеді. Бастауыш сыныптарда мектенге деген жағымды уәж (мотивация) қалыптасып, мамыр айындағы «Достық тілі» тренингі оқушыларды орта буынға (5-сыныпқа) ішкі үрейсіз, сенімді өтуге дайындады.
- **Эмоционалдық тұрақтылық және EQ дамуы:** Арттерапиялық және воркшоп жұмыстары («EQ: Сезімді түсіну», 8-сынып; «Қауіпсіз эмоционалдық экспрессия», 6-сынып) арқылы оқушылар өз эмоцияларын тануды және агрессияны, ашуды сыртқа зиянсыз жолмен шығаруды үйренді. Бұл ішкі күйзеліс пен өзін-өзі кінәлау деңгейінің төмендеуіне алып келді.
- **Когнитивтік және нейробиологиялық көрсеткіштердің жақсаруы:** 4-сыныптармен өткізілген нейробиологиялық жаттығулар балалардың ми белсенділігін арттырып, зейін қою, есте сақтау және ұсақ моторика дағдыларын дамытты. Бұл олардың оқу үлгеріміне тікелей оң әсерін тигізді.
- **Әлеуметтік-психологиялық ахуалдың сауығуы:** «ДосболLIKE» бағдарламасы және спорттық жарыстар сынып ішіндегі ынтымақтастықты арттырып, буллинг пен шеттетілудің (изоляция) алдын алды. Командалық жұмыс пен өзара қолдау мәдениеті күшейді.
- **Емтихан алдындағы стресстің бәсеңдеуі:** Мамыр айындағы мақсатты тренингтер (4, 9, -сыныптар) оқушылардың ББЖМ алдындағы жалпылама мазасыздық деңгейін төмендетіп, өзін-өзі реттеу (тыныс алу, позитивті ойлау) техникаларын меңгеруге мүмкіндік берді.
- **ЕББҚ балалармен жұмыстағы тұрақтылық:** Жеке түзету бағдарламалары осы балалардың когнитивтік, эмоциялық және сөйлеу дағдыларын дамытып, мектеп ұжымына сіңісіп кетуіне (инклюзия) және өз-өзіне сенімділігін арттыруға негіз болды.

2026–2027 оқу жылына арналған ұсыныстар

Өткен оқу жылының тәжірибесі мен анықталған әлсіз тұстарды ескере отырып, жаңа оқу жылында жұмыс тиімділігін арттыру үшін мынадай бағыттарды енгізу ұсынылады:

Әкімшілік және ұйымдастырушылық бағыт:

1. **Мониторинг жүйесін шифрландыру:** Әрбір психокоррекциялық курс үшін (бейімделу, мазасыздық, агрессия) міндетті түрде кіріс және шығыс диагностикасын жүргізіп, нәтижелерін пайыздық көрсеткішпен (кесте, диаграмма түрінде) рәсімдеу.
2. **Жеке даму карталарын енгізу:** Ерекше білім беруді қажет ететін (ЕББҚ) және тәуекел топтағы оқушылардың серпиіні (динамикасын) қадағалау үшін бақылау күнделіктері мен «Жеке даму карталарын» жүйелі толтыру.

Оқушылармен жұмыс бағыты:

3. **Емтиханға дайындықты ерте бастау:** 9, -сынып оқушыларын емтиханға психологиялық дайындау жұмыстарын мамыр айында ғана емес, **екінші жартыжылдықтан (қаңтар айынан)** бастап кезең-кезеңімен жүргізу. Бұл стресстің жинақталып қалуының алдын алады.
4. **Тәуекел топпен жұмысты нақтылау:** Тәуекел топтағы балалармен жұмыс жоспарын олардың нақты мәселесіне (девиантты мінез-құлық, эмоционалдық тұйықталу, суицидтік қауіп) байланысты жіктеп, жеке терапиялық бағыттарды (арттерапиядан бөлек, когнитивті-мінез-құлықтық терапия элементтерін) қосу.

Ата-аналар мен педагогтармен жұмыс бағыты:

5. **«Саналы ата-ана» клубын құру:** Баланың мектенге бейімделуі мен эмоционалдық тұрақтылығы отбасына байланысты болғандықтан, ата-аналарға арналған воркшоптар мен тренингтерді әр төқсанда **1 реттен кем емес** өткізіп тұру.
6. **Педагогтарға қолдау көрсету (Көсіби жанудың алдын алу):** Психологтың өзінің және мектеп мұғалімдерінің эмоционалдық сарқылуын болдырмау мақсатында, мұғалімдер болмесінде немесе арнайы тренинг залында айына **1 рет** релаксациялық, стресс-менеджмент сабақтарын ұйымдастыру.



Ерекше білім беруді қажет ететін оқушылармен жеке түзету сабақтары жүргізілді. Бұл жұмыстарда оқушылардың психологиялық дамуына қолдау көрсетілді.

Ақпан айында 3–4 сынып оқушыларымен агрессивті мінез-құлықты түзету және қарым-қатынас мәдениетін дамытуға арналған сабақтар өткізілді. Оқушыларға бір-бірімен дұрыс қарым-қатынас жасау жолдары үйретілді.

Тәуекел топтағы оқушылармен жеке түзету жұмыстары жүргізілді. Бұл жұмыстарда олардың эмоциялық тұрақтылығын арттыруға көңіл бөлінді.

Наурыз айында Жеткіншектердің өзін-өзі сақтау дағдыларын қалыптастыруға арналған сабақтар өткізілді. Бұл сабақтарда оқушыларға қауіпсіз мінез-құлық, дұрыс шешім қабылдау жолдары үйретілді.

Тәуекел топтағы оқушылармен жеке түзету жұмыстары жүргізілді.

Сәуір айында 3–4 сынып оқушыларына арналған психокоррекциялық сабақтар өткізілді. Сабақтар барысында ойын элементтері, релаксациялық жағтығулар, арт-терапиялық тәсілдер қолданылып, оқушылардың мазасыздық деңгейін төмендету және жағымды эмоциялық күй қалыптастыру жұмыстары жүргізілді.

5–7 сынып оқушыларына когнитивті-эмоциялық өзін-өзі реттеу дағдыларын қалыптастыруға бағытталған сабақтар ұйымдастырылды. Сабақ барысында оқушылар өз эмоцияларын тану, жағымсыз ойларды басқару, өзін-өзі бақылау және күйзеліс жағдайында тиімді әрекет ету дағдыларын меңгерді.

Жүргізілген психокоррекциялық жұмыстардың нәтижесінде оқушылардың эмоционалдық жағдайының тұрақтануы, мазасыздық деңгейінің төмендеуі және өз-өзіне деген сенімділіктің артуы байқалды.

2026 жылдың 06 мамыр күні 7-сынып оқушыларымен «ДосBolLike – достық қолын ұсым» спорттық жарысы өткізілді. Іс-шараның мақсаты – оқушылар арасында достық қарым-қатынасты ыңғайту, ұйымшылдық пен өзара қолдау көрсету дағдыларын дамыту. Нәтижесінде оқушылардың командалық жұмыс жасау қабілеті артып, сыныпшілік ынтымақтастық атмосферасы қалыптасты.

2026 жылдың 08 мамыр күні 4 және 9-сынып оқушыларымен «Емтиханға психологиялық қолдау» сабағы өткізілді. Сабақ барысында емтихан алдындағы қобалжуды төмендету, өзіне деген сенімділікті арттыру және эмоцияны реттеу жағтығулары жүргізілді. Оқушыларға стресті басқару және өзін тыныштандыру тәсілдері үйретілді.

2026 жылдың 15 мамыр күні ата-аналарға арналған «Баланы тәрбиелеу модельдері: ата-ана стилі мен оның бала дамуына әсері» атты воркшоп өткізілді. Воркшоп барысында тиімді ата-аналық қарым-қатынас, балаға эмоционалдық қолдау көрсету және жауапкершілікке тәрбиелеу мәселелері талқыланды.

2026 жылдың 18 мамыр күні 4-сынып оқушыларымен «Достық тілі» атты бейімделу тренингі өткізілді. Тренингтің мақсаты – оқушыларды орта буынға психологиялық дайындау және қарым-қатынас дағдыларын дамыту. Нәтижесінде оқушылардың өзара сыйластық, тыңдай бігу және топпен әрекеттесу дағдылары дамыды.

III. ПРОФИЛАКТИКА ЖӘНЕ АҒАРТУ ЖҰМЫСТАРЫ БОЙЫНША ЖЫЛДЫҚ ҚОРЫТЫНДЫ ЕСЕП

2025–2026 оқу жылы барысында профилактика және ағарту бағыты бойынша білім алушылардың психологиялық саулығын сақтау, қауіпсіз мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, эмоционалдық тұрақтылықты нығайту, ата-аналардың психологиялық-педагогикалық құзыреттілігін арттыру және қолайлы психологиялық орта қалыптастыру мақсатында жүйелі жұмыстар жүргізілді.

2025 жылдың 9 қазан күні «Салауатты өмір – салауатты өмір» атты репродуктивті денсаулық және психикалық саулық тақырыбында 7–9 сынып оқушыларымен ақпараттық кездесу өткізілді. Тәрбие одағымен бірлескен «Репродуктивті денсаулық дегеніміз не?» түсіндіру шарасы өтті.

16 қазан күні Көмелетке тоспағандар арасындағы қауіпсіздік тақырыбында ата-аналарға арналған «Бала денсаулығы – ата-ананың күнделісті таңдауы» семинары өткізілді.

25 қараша күні Республикалық «Зорлық-зомбылыққа қарсы 16 күн» акциясы бастау алды. Акция аясында оқушылар мен педагогтерге арналған ақпараттық-түсіндіру жұмыстары жүргізіліп, зорлық-зомбылықтың алдын алу, қауіпсіз мінез-құлық мәдениетін қалыптастыру және құқықтық сауаттылықты арттыру бағытында буклеттер мен ақпараттық материалдар таратылды.

Сонымен қатар, мектепте «Сенім жәшігі» жүйелі түрде аптасына бір рет қарастырылып отырды. Түскен хаттар мен өтініштер сараланып, әрбір жағдай бойынша жеке психологиялық консультациялар берілді. Оқушылардың мәселелері құпиялылықты сақтай отырып қаралып, қажетті психологиялық қолдау көрсетілді.

Сондай-ақ «Баланың денсаулығы – біздің жауапкершілігімізде» тақырыбында ата-аналар жиналысы ұйымдастырылды. Жиналыс барысында репродуктивті денсаулық, жасөспірімдердің қауіпсіз мінез-құқы, эмоционалдық күйі және отбасылық қолдаудың маңыздылығы туралы ақпарат берілді. Ата-аналарға балалармен ашық қарым-қатынас орнату, тәуекелді мінез-құлықтың алдын алу және психологиялық қолдау көрсету жолдары түсіндірілді.

Желтоқсан айында оқушылар арасында агрессияның алдын алу, жауапкершілік пен әдептілік құндылықтарын қалыптастыруға бағытталған іс-шаралар өткізілді:

«Зорлық-зомбылыққа қарсы 16 белсенді күн» акциясы аясында 2025 жылдың 02 желтоқсан күні «Қауіпсіз орта – сенім мен сыйластық мектебі» тақырыбында 10-сынып оқушыларымен тренинг сабағы өтілді. Тренинг барысында оқушылар арасында сенім атмосферасын қалыптастыру, жанжалдың алдын алу жолдары талқыланды.



2025 жылдың 11 желтоқсан күні «Агрессияны басқару және жағымды қарым-қатынас қалыптастыру» тренингі 7 сынып оқушыларымен өтілді. Оқушыларға эмоцияны реттеу, ашуды басқару, конструктивті қарым-қатынас дағдылары үйретілді.

Оқушы қыздар арасында ерте жүктіліктің алдын алу бойынша қыздар жиналысы 19.12.2025 жылғы Медбике, әлеуметтік педагог және педагог-психологтың бірлесуімен өткізілді. Іс-шара соңында қыздарға өзін құрметтеу, жеке шекарасы сақтау, қауіпсіз мінез-құлық ұстану және өмірде савалы шешім қабылдау бойынша қорытынды кеңестер берілді.

«Қауіпсіз балалық шақ» жобасы аясында бекітілген кесте бойынша ИДН қызметкерімен кездесулер ұйымдастырылды. Сондай-ақ облыс прокуроры Тілемісов Даулет Бекбапұлымен тікелей эфирде кездесу ұйымдастырылып, оған 8-9 сынып оқушылары түгел қатысты.



Ата-аналар мен мұғалімдерге «Балаға қысымсыз орта құру: бірлескен жауапкершілік» тақырыбында воркшоп өткізілді. Бұл шарада балаға қолдау көрсету, сенімді қарым-қатынас орнату жолдары қарастырылды. Қатысушылар өз тәжірибелерімен бөлісіп, пайдалы ақпарат алды.

Ақпан айында «Кибербуллинг және киберқылмыс» тақырыбында түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Оқушыларға интернеттегі қауіпсіздік ережелері кеңінен түсіндірілді.

8–9 сынып оқушыларымен «Әлеуметтік желідегі ойындар» тақырыбында семинар өткізілді. Бұл семинарда қауіпті ойындардың зияны, психологиялық әсері нақты мысалдар арқылы түсіндірілді. Оқушылар белсенді қатысып, өз ойларын ортаға салды.

«Денсаулық және жауапкершілік – дұрыс таңдау» тақырыбында жоғары сынып оқушыларымен кездесу өткізілді. Бұл шарада жауапкершілік, өмірлік таңдау мәселелері қарастырылды.

Наурыз айында 5–7 сынып оқушыларымен «Қауіпсіз орта – сенімді қадам» тақырыбында воркшоп өткізілді. Тренинг барысында оқушылар қауіпсіздік, өзін қорғау дағдыларын үйренді. Ролдік ойындар, топтық тапсырмалар арқылы балалар белсенді қатысты.

Мұғалімдерге арналған «Тимбилдинг – ұйымшыл және тату ұйым» тренингі өткізілді. Бұл тренингте ұжымдық қарым-қатынас, сенім қалыптастыру, бір-бірін қолдау дағдылары дамытылды. Мұғалімдер тренингке белсенді қатысып, жағымды әсер алды.

Сәуір айында 9-сынып оқушыларына «Стресс-менеджмент: күйзеліске берілмей, өзіңді басқар» тақырыбында тренинг өткізілді. Тренинг барысында оқушыларға стресс себептері, оның ағыаға әсері және оны басқару жолдары түсіндіріліп, практикалық жаттығулар орындалды.

Оқушыларға сұраныс бойынша жеке және топтық кеңестер жүйесі түрде берілді. Кеңес беру барысында оқушылардың жеке мәселелері қарастырылып, психологиялық қолдау көрсетілді.

Ұйымдастыру және бақылау бағыты:

1. **Тәуекел топпен жұмысты ерте жоспарлау:** Мамыр айының соңында (20.05.2026) өткізілген тәуекел топ оқушыларына жасалған талдау қорытындысын негізге ала отырып, жаңа оқу жылының **қыркүйек айынан бастап** бұл балалармен жеке түзету-алдын алу жұмыс жоспарларын бекіту.
2. **«Сенім жәшігі» есебін жүйелеу:** «Сенім жәшігіне» түскен хаттардың тақырыптық бағытын (мысалы: *достық, мазасыздық, мұғаліммен қарым-қатынас*) статистикалық түрде саралап, жиі қойылатын сұрақтар бойынша сыныптарды алдын ала ағартушылық сабақтар ұйымдастыру.

Оқушылармен алдын алу жұмыстары:

3. **Киберқауіпсіздік шараларын тұрақты ету:** Желілік қауіптердің тез өзгеруіне байланысты, «Кибербуллинг және киберқылмыс» тақырыбын тек ақпан айында емес, әр тоқсанда 1 рет ақпараттық бесминуттықтар немесе сынып сағаттары форматында өткізін тұру.

Ата-аналар мен қоғамдастықпен жұмыс:

4. **Ұлттық тәрбие бағытын дамыту:** Сәуір айында өткен Ақсақалдар алақасымен кездесу мен «Жүректен жүрекке» акциясының сәтті тәжірибесін ескере отырып, мектеп жанынан тұрақты жұмыс істейтін **«Әжелер мектебі»** немесе **«Әкелер мектебі»** клубтарын ашу. Бұл отбасылық құндылықтарды насихаттауға зор септігін тигізеді.
5. **Ата-аналардың жауапкершілігін арттыру:** Ертерек жүктіліктің, жаныстық тиіспеушіліктің және тәуекелді мінез-құлқтың алдын алу мақсатында, тек қыздар жиналысын ғана емес, жоғары сынып ата-аналарына арналған **«Жауапкершілік шактың психофизиологиялық ерекшеліктері»** атты жабық лекторийлер ұйымдастыру.

IV. КОНСУЛЬТАЦИЯ БЕРУ БАҒЫТЫ БОЙЫНША ЖЫЛДЫҚ ҚОРЫТЫНДЫ ЕСЕП

2025–2026 оқу жылы барысында консультация беру бағыты бойынша білім алушыларға, ата-аналарға және педагогтерге психологиялық көмек көрсету, эмоционалдық қолдау беру, психологиялық қиындықтардың алдын алу және тұлғалық дамуына ықпал ету мақсатында жүйелі жұмыстар жүргізілді.

Консультациялық жұмыс — білім беру процесіне қатысушылардың (оқушылар, ата-аналар, педагогтар) тұлғалық, әлеуметтік-психологиялық мәселелерін шешуге, эмоционалдық жай-күйін жақсартуға және дағдарыстық жағдайлардың алдын алуға бағытталған.

- **Мақсаты:** Оқу-тәрбие процесіне қатысушыларға қиын өмірлік және психологиялық жағдайларды дер кезінде кәсіби көмек көрсету, олардың психологиялық мәдениетін арттыру.
- **Жұмыс түрлері:** Жеке және топтық консультациялар (жоспарлы және сұраныс бойынша).

2. Сандық көрсеткіштер (Жалпы статистика)

Оқу жылы ішінде өткізілген консультациялардың жалпы саны: 47

Жүтінудің саны	Жеке консультация саны	Топтық консультация саны	Сұхбат	Негізгі себептері / Сұраныстар
Оқушылар	25	3	7	Оқу үлгерімі, құрбыларымен қарым-қатынас, емтихан мазасыздығы, өзін-өзі бағалау, алынған диагностика нәтижесі
Ата-аналар	2	2	0	Баланың жас ерекшелік дағдарысы, отбасылық шиеленіс, баланың мінез-құлқы, мектепке бейімделу, емтихан алдындағы мазасыздық
Педагогтар	4	2	1	Кәсіби жану (ығаршане), қиын оқушылармен жұмыс, сыныппен

Сенім жәшігі арқылы оқушылардың жасырын сұрақтары мен мәселелері анықталып, оларға дер кезінде жауап беріліп отырды. Бұл әдіс оқушылардың ашық пікір білдіруіне және психологқа сенімнің артуына ықпал етті.

Ата-аналармен жұмыс аясында «Атадан – өсиет, анадан – қасиет» тақырыбында шеберлік сыныбы өткізілді. Іс-шара барысында ата-аналарға бала тәрбиесіндегі маңызды құндылықтар, қарым-қатынас мәдениеті және қолдау көрсету жолдары түсіндірілді.

Сонымен қатар, ақсақалдар аптасымен кездесу ұйымдастырылып, ұлттық тәрбие, отбасылық құндылықтар және жас ұрпақ тәрбиесі мәселелері талқыланды.

Ай соңында «Жүректен жүрекке» акциясы өткізілді. Бұл акция оқушылар арасында мейірімділік, өзара сыбайластық және жағымды психологиялық ахуал қалыптастыруға бағытталды.

Мамыр айының 15 күні ата-аналарға арналған «Баланы тәрбиелеу модельдері: ата-ана стилі және оның бала дамуына әсері» воркшопы өткізілді.

Іс-шара барысында отбасындағы қарым-қатынас, ата-ана тәрбиесінің балаға әсері және позитивті тәрбие тәсілдері туралы түсіндірілді.

Жыл бойы сенім жәшігімен жұмыс жүргізілді. Осы кезеңде жәшік апта сайын тексеріліп, оқушылардың өтініштері қаралды. Қажет болған жағдайда жеке консультациялар өткізілді және психологиялық қолдау көрсетілді.

20.05.2026 ж. күні тәуекел топтағы оқушыларға талдау жүргізілді. Оқушылардың эмоционалдық жағдайы қаралып, қауіп факторлары анықталды. Қажет оқушылар бақылауға алынды.

Жүргізілген психопрофилактикалық және ағарту жұмыстарының динамикасы

Жыл бойғы іс-шаралардың мазмұны мен бағыттарын талдай келе, мектептегі алдын алу (профилактика) жұмыстарында мынадай оң динамика мен нәтижелер анықталды:

- **Құқықтық сауаттылық пен қауіпсіздік мәдениетінің артуы:** «Зорлық-зомбылыққа қарсы 16 күн» акциясы, «Қауіпсіз балалық шақ» жобасы аясында ИДН қызметкерлерімен кездесулер және облыс прокурорымен тікелей эфир сияқты ауқымды шаралар оқушылардың заң алдындағы жауапкершілігін түсінуіне септігін тигізді. «Өденгілік пен жауапкершілік – жігіттің айнасы» атты ұлдар жиналысы жауапты мінез-құлық құндылықтарын бекітті.
- **Репродуктивті және психикалық денсаулықты қорғау:** Тәрбие одағымен, медбикемен және әлеуметтік педагогпен бірлескен шаралар (7–9 сыныптарға арналған кездесулер, қыздар жиналысы) оқушылардың өз денсаулығына саналы қарауына, ерте жүктіліктің алдын алуға және жеке шекараларын сақтай білуіне оң ықпал етті.
- **Киберқауіпсіздік дағдыларының қалыптасуы:** Ақпан айында интернеттегі қауіптер, кибербуллинг және әлеуметтік желідегі қауіпті ойындар туралы семинарлардың өткізілуі — оқушылардың виртуалды кеңістіктегі психологиялық иммунитетін күшейтті.
- **Кері байланыс және құпия көмек жүйесінің тұрақтылығы:** «Сенім жәшігінің» апта сайын жүйелі тексерілуі оқушылар арасындағы жасырын мәселелерді (буллинг, үрей, отбасылық кикілжің) ерте анықтауға мүмкіндік берді. Бұл әдіс психолог пен оқушы арасындағы сенім деңгейінің динамикасын жоғарылатты.
- **Үшжақты серіктестіктің нығайтуы (Психолог + Ата-ана + Мұғалім):** «Балаға қысымсыз орта құру: бірлескен жауапкершілік» және «Ата-ана стилі» воркшоптары мектеп пен отбасы арасындағы түсіністікті арттырды. Сәуір айындағы ақсақалдар аптасымен кездесу және «Атадан – өсиет, анадан – қасиет» шеберлік сыныбы профилактика жұмысына ұлттық тәрбие элементтерін сәтті интеграциялады.
- **Ұжымдық ахуал мен стрессті басқару:** Мұғалімдерге арналған тимбилдинг педагогикалық ұжымдағы ынтымақтастықты нығайтса, 9-сыныптарға арналған «Стресс-менеджмент» және жоғары сыныптарға арналған емтиханға дайындық сабақтары ББЖМ мен ҰБТ алдындағы эмоционалдық тұрақтылықты қамтамасыз етті.

2026–2027 оқу жылына арналған ұсыныстар

Жүргізілген жұмыстардың ауқымын сақтай отырып, жаңа оқу жылында алдын алу шараларының сапасын одан әрі тереңдету үшін мынадай ұсыныстар алға тартылады:

2. Мектептегі буддинг пен кибербуддизмнің алдын алу мақсатында оқушыларға арналған сенім жәшігі мен жеке кеңес алу мүмкіндіктерін насихаттау.
3. Педагогтардың психологиялық сауаттылығын арттыру мақсатында «Күйзеліске төзімділігі» тақырыбында коучингтер сериясын ұйымдастыру.

ҰЙЫМДАСТЫРУ-ӘДІСТЕМЕЛІК ЖҰМЫСТАР БОЙЫНША ЖЫЛДЫҚ ҚОРЫТЫНДЫ ЕСЕП

Оқу жылы бойы психологиялық-педагогикалық қолдау қызметі (ППҚ) білім алушылардың тұлғалық, зияткерлік және әлеуметтік-эмоциялық дамуын қамтамасыз ету, сондай-ақ оқу-тәрбие үдерісіне қатысушыларға жүйелі көмек көрсету бағытында ұйымдастыру-әдістемелік жұмыстарды жүзеге асырды. Жылдық жұмыс жоспары толық көлемде орындалды.

Жыл басында білім алушылардың құқықтарын қорғау және заңдылықты сақтау мақсатында маңызды құжаттандыру жұмыстары жүргізілді. №92 бұйрыққа сәйкес Ата-аналардың рұқсатын алу жұмысы жүргізілді. Жыл бойы жүргізілетін психологиялық-педагогикалық зерттеу (диагностика) жұмыстарына және арнайы ұйымдастырылатын психологиялық түзету-дамыту сабақтарына қатысу үшін ата-аналардан (заңды өкілдерден) жазбаша келісім-рұқсат жинақталды.

Нәтижесінде ата-аналардың 100% қамтылып, рұқсат қағаздары жеке папкаларға реттелді. Бұл шара маман мен отбасы арасындағы сенімділікті арттырып, түзету жұмыстарын ашық әрі заңды түрде жүргізуге мүмкіндік берді.

№92 бұйрыққа сәйкес мектепте ППҚ мамандары құрамына кірген қолдау қызметі мамандарының (ДОДЖО, ДБДЖО, ДТДЖО, психолог, әлеуметтік педагог, сынып жетекшілері) өзара әрекеттестігін нығайту мақсатында отырыстар жүйелі түрде ұйымдастырылды.

- **Атқарылған жұмыс:** Жыл ішінде жоспарлы және жоспардан тыс (жедел) ППҚ отырыстары өткізілді. Отырыстар барысында ерекше білім беруді қажет ететін (ЕББҚ) және оқуда, мінез-құлықта қиындықтары бар оқушылардың динамикасы қаралды.
- **Нәтиже:** Әр баланың жеке даму картасына талдау жасалып, түзету-дамыту бағдарламаларына қажетті өзгерістер енгізілді. Отырыстардың хаттамалары уақытылы толтырылып, әдістемелік шешімдер қабылданды.

3. Кәсіби даму және біліктілікті арттыру

Мамандардың кәсіби құзыреттілігін арттыру және озық тәжірибелерді енгізу мақсатында ғылыми-әдістемелік іс-шараларға белсенді қатысу қамтамасыз етілді.

- **Атқарылған жұмыс:** Қызмет мамандары аудандық/облыстық/республикалық деңгейдегі семинарларға, ғылыми-практикалық конференцияларға және кәсіби шеберлік байқауларына қатысты.
- **Нәтиже:** Тәжірибе алмасу нәтижесінде жаңа диагностикалық және түзету әдістемелері (арт-терапия, құм терапиясы, нейрпсихологиялық жаттығулар) тәжірибеге енгізілді. Мамандар арнайы сертификаттар мен дипломдармен марапатталды.

III. Атқарылған жұмыстардың қорытынды кестесі

Тіркелген бағыттар	Жылдық жоспар бойынша	Нақты орындалғаны	Орындалу пайызы
Ата-аналардан рұқсат алу	100%	100%	100%
ППҚ отырыстарын өткізу	7 отырыс	3 отырыс	100%
Семинар, конференция, байқаулар	Жүйелі түрде	3 рет қатысу	100%

Қорытындылай келе, 2025-2026 оқу жылындағы ұйымдастыру-әдістемелік жұмыстар нәтижелі деп танылды. Құжаттандыру жұмыстары заң талаптарына сай жүргізіліп, қызмет отырыстары мамандардың

				байланыс орнату.
ЖАЛПЫ:	31	7	8	

3. Негізгі тақырыптар мен мәселелер бойынша талдау

Жыл бойы түскен сұраныстарды талдай келе, консультациялық жұмысты келесі негізгі блоктарға бөлуге болады:

А. Оқушылармен жұмыс (Негізгі тақырыптар):

1. **Бейімделу (Адаптация) кезеңі:** 1, 5, -сынып оқушыларының жаңа ортаға, жаңа талаптарға үйренуі бойынша қиындықтар (мазасыздық, қорқыныш, ортадан оқшаулану).
2. **Тұлғаваралық қарым-қатынас:** Құрбы-құрдастарымен кикілжіңдер, сынып ішіндегі лидерлік немесе шеттетілу мәселелері, «буллингтің» алдын алу.
3. **Емтихан алдындағы мазасыздық (9, сыныптар):** ББЖМ, және қорытынды емтихандар алдындағы стресс, қорқыныш деңгейін төмендету, уақытты басқару (тайм-менеджмент).
4. **Өзін-өзі тану және кәсіби бағдар:** Жоғары сынып оқушыларының болашақ мамандықты таңдаудағы екіұдайлылығы, өз қабілеттерін түсіне алмауы.

Ә. Ата-аналармен жұмыс (Негізгі тақырыптар):

1. **Жас ерекшелік дағдарыстары:** Жасөспірім шақтағы мінез-құлықтың өзгеруі, баланың агрессиясы немесе тұйықталуы.
2. **Отбасылық тәрбие стилі:** Ата-ана мен бала арасындағы «әкелер мен балалар» мәселесі, гиперопека (шектен тыс қамқорлық) немесе гипоопека (бақылаусыздық).
3. **Баланың оқуға ынтасының төмендігі:** Компьютерлік/телефондық тәуелділік, сабаққа қызығушылықтың жоғалуы бойынша кеңес беру.

Б. Педагогтармен жұмыс (Негізгі тақырыптар):

1. **Эмоционалдық жауу синдромы:** Мұғалімдердің кәсіби күйзелісі, шаршау, ресурстарды қалпына келтіру жолдары.
2. **«Қиын» оқушылармен өзара әрекеттесу:** Девiantты мінез-құлықты немесе ерекше білім беруді қажет ететін (ЕБК) балалармен сабақ барысында байланыс орнату әдістері.

4. Консультациялық жұмыстың тиімділігі мен нәтижесі

Өткізілген жүйелі кеңес беру жұмыстарының нәтижесінде келесі оң өзгерістер байқалды:

- Консультацияға қатысқан оқушылардың 78%-ында мазасыздық деңгейі төмендеп, өзіне деген сенімділігі артты (қайта диагностикалау нәтижесі бойынша).
- Ата-аналардың мектеппен байланысы жақсарып, баланың үйлесімді дамуына бағытталған психологиялық ұсыныстарды орындау көрсеткіші өсті.
- Мұғалімдер арасында эмоционалдық тепе-теңдікті сақтау дағдылары қалыптасты, бұл сыныптардағы психологиялық климаттың жақсаруына әсер етті.

5. Қиындықтар мен проблемалық аймақтар

- Кейбір ата-аналардың психолог кеңесіне жүгінуден қорқуы (стигма, «менің балам ауру емес» деген түсінік).
- Ата-аналардың кеңес беру сессияларына уақытылы келе алмауы (жұмыс бастылық).
- Дағдарыстық жағдайдағы балалармен ұзақ мерзімді терапиялық жұмыс жүргізуге уақыттың тапшылығы (кагазбастылық пен басқа бағыттардың тығыздығынан).

6. Келесі оқу жылына арналған міндеттер мен ұсыныстар

1. Ата-аналармен жұмысты жаңандыру, тренингтер мен онлайн-консультациялар форматын кеңейту.

бірлескен жұмысын жүзелейді. Кәсіби байқаулар мен семинарларға қатысу мамандардың өз-өзін дамытуына үлкен серпін берді.

Келесі оқу жылына арналған міндеттер:

1. Ата-аналармен кері байланысты нығайту мақсатында психологиялық-педагогикалық консилиумдарға оларды тікелей қатыстыру деңгейін арттыру.
2. Семинарлар мен конференцияларда тек қатысушы болып қана қоймай, ППҚҚ мамандарының өз авторлық бағдарламалары мен іс-тәжірибелерін республикалық деңгейде тарату (жинақ шығару, мақала жариялау).
3. Түзету-дамыту сабақтарының тиімділігін арттыру үшін цифрлық және интерактивті әдістемелік құралдарды көбейту.

Мектеп директоры:



Е.Аширбаев

Педагог-психолог:

A handwritten signature in blue ink, positioned to the right of the 'Педагог-психолог' label.

А.Сулесва